

Бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 262 бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 118-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 4-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 2025 қаржы жылына арналған бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидалары;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының үшінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бұл ретте, осы бұйрықтың 1-тармағының екінші абзацы 2025 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

M. Такиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

2025 қаржы жылына арналған бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы 2025 қаржы жылына арналған Бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 118-бабының 5-тармағына және 168-бабына сәйкес әзірленді, бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну тәртібін айқындайды және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді.

2. Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын бюджеттен тыс қорлары, мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары осы Қағидаларда белгіленген көлемде және нысандар бойынша есептер жасайды.

3. Ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің, бюджеттен тыс қорлардың, мемлекеттік мекемелердің және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік есептілігі ақпараттық жүйе (бұдан әрі – АЖ) арқылы ұсынылады.

4. Бюджеттік есептілік жыл сайын есептіліктен кейінгі жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша 1 қантардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы күнтізбелік кезеңге, тоқсан сайын есептілік ағымдағы қаржы жылының 1 сәуіріндегі, 1 шілдесіндегі және 1 қазанындағы жағдай бойынша, ай сайын есептіден кейінгі айдың 1 жасалады.

5. Есептердің нысандары оларда көзделген көрсеткіштерге нақты сәйкестендіріліп толтырылады. Бекітілген есеп нысандарында көрсеткіштерді және олардың кодтарын өзгертуге немесе оларға қосымша көрсеткіштер енгізуге жол берілмейді.

Ағымдағы есепті кезеңге, сонымен бірге өткен кезеңге жататын (оларды бекіткеннен кейін) есептілік деректерінің өзгеруі деректердің алшақтығы анықталған кезеңде жасалған бюджеттік есептілікте жүргізіледі.

6. Есептілікті ұсыну үшін белгіленген мерзім демалыс (жұмыс істемейтін) күнімен сәйкес келген жағдайда бюджеттік есептілік одан кейінгі бірінші жұмыс күні ұсынылады.

7. Бюджеттік есептілік нысандарының тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген.

8. Бюджеттік есептілікті жасаған кезде Бюджет кодексіне және осы Қағидаларда айтылған бюджеттік есептілік нысандарын толтыру тәртібін басшылыққа алу қажет.

2-тарау. Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджеттен тыс қорлардың бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну тәртібі

9. Мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мынадай есептердің түрлерін жасайды және ұсынады:

тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер мен ақшаны жұмсау жоспарының орындалуы туралы есеп – 1-АҚ нысаны бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 1-АҚ нысаны);

филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түсетін ақша түсімдері және олардың жұмсалуы туралы есеп – 2-ДК нысаны бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 2-ДК нысаны);

екілдік шығындарға бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп – 3-ӨШ нысаны бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 3-ӨШ нысаны);

каржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп 4-20 нысан бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 4-20-нысаны);

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстары туралы есеп 8-МӘСҚ нысан бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 8-МӘСҚ нысаны);

Әлеуметтік медициналық сақтандыру орының түсімдері мен шығыстары туралы есеп 8-ӘлМСҚ нысан осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі-8 – ӘлМСҚ нысаны);

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының түсімдері мен шығыстары туралы есеп 9-БИҚҚ нысаны бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – 9-БИҚҚ нысаны);

Арнаулы мемлекеттік қорының (бұдан әрі – АМҚ) түсімдері мен шығыстары туралы есеп осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес 10-АМҚ нысаны бойынша (бұдан әрі - 10-АМҚ нысаны);

АМҚ түсімдері мен шығыстары туралы есеп осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес 11-арнаулы мемлекеттік қоры-тиісті саланың орталық уәкілетті органы/тиісті саланың жергілікті уәкілетті органы/активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті орган нысаны бойынша (бұдан әрі - 11-АМҚ-ОУО/ЖУО/УО нысаны).

10. Бюджет кодексінің 13-тарауына сәйкес бюджеттен тыс қорға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, Жәбірленушілерге өтемақы қоры, Арнаулы мемлекеттік қоры жатады.

Бюджеттен тыс қорлар тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне мынадай есептердің түрлерін ұсынады:

8-МӘСҚ нысаны;

8-ӘМСҚ нысаны.

11. Респубикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелердің, бюджеттен тыс қорлардың бюджеттік есептілігіне ескертулер болған және өзгерістер енгізу қажеттілігі болған жағдайда тиісті өзгерістер енгізу үшін АЖ-де қайтару себептерін көрсете отырып қайтарады. Ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелер, бюджеттен тыс қорлар бюджеттік есептілікке тиісті өзгерістер енгізгеннен кейін оны респубикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне АЖ арқылы қайта жібереді.

Респубикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік есептілігіне ескертулер болған және өзгерістер енгізу қажеттілігі болған жағдайда, мемлекеттік қазынашылық қайтару себептерін көрсете отырып, тиісті өзгерістер енгізу үшін АЖ арқылы Респубикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік есептілігін қайтарады. Респубикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджеттік есептілікке тиісті өзгерістер енгізгеннен кейін оны мемлекеттік қазынашылыққа қайта жібереді.

12. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелердің бюджеттік есептілігіне ескертулер болған және өзгерістер енгізу қажеттілігі болған жағдайда, АЖ-де жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік есептілігін қайтару себептерін көрсете отырып, тиісті өзгерістер енгізу үшін қайтарады. Ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелер бюджеттік есептілікке тиісті өзгерістер енгізгеннен кейін оны жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне қайта жібереді.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есебіне ескертулер болған және өзгерістер енгізу қажеттілігі болған жағдайда, соңғысы бюджеттік есептілікке түзетулерді ұқсас тәртіппен енгізіледі.

13. Респубикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері үшін бюджеттік есептілікті ұсыну мерзімін мемлекеттік қазынашылық белгілейді.

Мемлекеттік мекемелер бюджеттік есептілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері белгілеген және олар бюджеттік есептілікті ұсынған күнге дейін мемлекеттік мекемелердің назарына жеткізген мерзімде ұсынады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік есептілікті тиісті бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратына) ұсынады.

14. Респубикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік қазынашылыққа респубикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті дайындау үшін қажетті ақпаратты береді.

15. Респубикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын аумақтық ішкі істер органдары бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға жергілікті

бюджеттен бөлінген қаражат бойынша бюджеттік есептілікті нысандардың толық көлемінде, ал республикалық бюджеттен бөлінген қаражат бойынша – республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне ұсынады.

16. Бір бағыныстан екінші бағынысқа берілетін мемлекеттік мекемелер жылдық есеп нысандарының көлемінде беру күні есеп жасайды және оны жоғары тұрган органға бұрынғы бағынысы бойынша және жаңа бағынысы бойынша ұсынады.

3-тарау. Өкілдік шығындарға бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы, қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есептерді жасау және ұсыну тәртібі

17. 3-ӨШ нысанын өкілдік шығындарға қаражат алған бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жарты жылда бір рет және жыл сайын береді.

18. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жасаған Іс-шаралар жоспарына сәйкес өкілдік шығындарға қаражат алған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері 3-ӨШ нысанын жиынтық түрде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне ұсынуы тиіс.

19. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қалыптастырылған 4-20 нысандарын есептіден кейінгі жылдың 1 шілдесіндегі және 1 қаңтарындағы жағдай бойынша АЖ арқылы ұсынылатын бюджеттік есептілік құрамында жібереді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қазынашылық органдарынан есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы және 1 шілдесіндегі жағдай бойынша 4-20 нысанын алады, оны қолмен және елтаңбалы мөр бедерімен растайды және оны есеп құрамында бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) береді.

20. Нысаналы трансферттер алатын тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер алынған республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне тоқсан сайын нысаналы трансферттер қаражатының іс жүзіндегі шығыстары туралы ақпаратпен бірге 4-20 нысанын ұсынады.

21. "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйе арқылы қызмет көрсетілетін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және мемлекеттік мекемелер № 4-20 нысанын дербес қалыптастырады.

4-тарау. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері апараттарының бюджеттік есептілік ұсыну тәртібі

22. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің апараттары мынадай есеп түрлерін қалыптастырады және ұсынады:

респубикалық, тиісті жергілікті бюджеттердің, мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (бұдан әрі – бюджеттің атқарылуы туралы есеп);

шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақшаның қозғалысы туралы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

Жәбірленушілерге өтемақы қорының түсімдері мен пайдаланылуы және жәбірленушілерге жүргізілген өтемақы төлемдері туралы осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша;

1-АҚ-УО нысаны бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер мен ақша шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп – осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі –1-АҚ-УО нысаны);

2-ДҚ нысанын;

респубикалық бюджет көрсеткіштерінің орындалуы туралы деректер осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес;

есепті деректерді тексеріп салыстыру актісі осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес;

бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөле отырып, бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы есеп осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес 6-БДБ-нысан бойынша.

5-тарау. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы, филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуы туралы есептерді жасау және ұсыну тәртібі

23. Жаңа қаржы жылының 1 шілдесіндегі және 1 қаңтарындағы жағдай бойынша мемлекеттік мекемелер, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері:

1-АҚ нысанын;

2-ДҚ нысанын жасайды.

Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілдегі органдары 1-АҚ УО нысандарын және 2-ДҚ нысандарын мемлекеттік қазынашылыққа 1 шілдедегі жағдай бойынша – 15 тамыздан кешіктірмей, өткен қаржы жылындағы жағдай бойынша – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей ұсынады;

Мемлекеттік қазынашылыққа респубикалық және жергілікті бюджеттер бойынша (облыстар бөлінісінде) 1-АҚ-УО нысандарын және 2-ДҚ нысандарын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілдегі органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті

қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесіне есепті жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша – 20 тамыздан кешіктірмей, есепті қаржы жылы бойынша – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 ақпанынан кешіктірмей ұсынады.

24. Бюджеттің атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесі мемлекеттік қазынашылық ұсынған есептердің негізінде:

1-АҚ- УО нысанын (қолдармен бекітпестен);

мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша 2-ДҚ нысанын (қолдармен бекітпестен) қалыптастырады.

25. 1-АҚ-УО нысандары және 1-АҚ нысандары осы Қағидаларда айқындалған құрылым, республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталатын, сатудан түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелер тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесі сыныптауышына сәйкес тауарлардың, (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) кодтары бойынша, сондай-ақ бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамаларының кодтарын есепке ала отырып қалыптастырылады.

6-тарау. Бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру тәртібі

26. Бюджеттің атқарылуы туралы есепті бюджеттің атқару жөніндегі орталық, жергілікті уәкілетті органдар және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттары жасайды.

27. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп кассалық негізде жүзеге асырылатын есепті кезең үшін тиісті бюджеттің түсімдері мен шығыстары бойынша барлық операцияларды көрсетеді.

28. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп бюджеттік кодекспен анықталған бюджет құрылымы, бюджет түсімдері сыныптамасының, Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік сыныптама бюджет шығыстарының функционалдық, экономикалық сыныптамасының кодтары бойынша қалыптастырылады және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға немесе жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы, жергілікті атқарушы органның жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы қаулысына немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешіміне сәйкес жасалады.

29. Мерзімділігі бойынша бюджеттің атқарылуы туралы есеп ай сайын және жыл қорытындысы бойынша жасалады.

30. Бюджеттің түсімдерін қамтитын бюджеттің атқарылуы туралы есептің бөлімдері бюджет түсімдері сыныптамасының санаттары, сыныптары, кіші сыныптары және ерекшеліктері бойынша деректерді қамтиды.

31. Бюджет шығыстарын қамтитын республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептің бөлімдері бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтары, функционалдық кіші топтары, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бюджеттік бағдарламалары, кіші бағдарламалары бойынша деректерді қамтиды.

Бюджеттің шығыстарын қамтитын жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептің бөлімдері бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтары, функционалдық кіші топтары, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бюджеттік бағдарламалары, кіші бағдарламалары бойынша деректерді қамтиды.

32. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп түсімдердің бөлімі, кіші бөлімі, санаты, сыныбы және кіші сыныбы бойынша, бюджет шығыстарының бөлімі, кіші бөлімі, функционалдық тобы, функционалдық кіші тобы, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі, бюджеттік бағдарлама, кіші бағдарлама бойынша аралық қорытындыларды қамтиды.

7-тaraу. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептің құрылымы

33. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп мынадай бөлімдерді (кіші бөлімді) қамтиды:

1) кірістер (I)

салықтық түсімдер;

салықтық емес түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;

трансфертер түсімі;

2) шығындар (II);

3) таза бюджеттік кредит беру (III):

бюджеттік кредиттер;

бюджеттік кредиттерді өтеу;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо (IV):

қаржы активтерін сатып алу;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер;

5) бюджет тапшылығы (профициті) (V);

6) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті) (VI);

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) (VII):

қарыздар түсімі;

қарыздарды өтеу;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары;

8) "Бюджет қаражатының қалдықтары" анықтамалық бөлімі:

қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының қалдықтары;

есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары.

34. Республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотына қолма-қол ақша тапшылығын болжау нәтижесінде уақытша бос бюджет ақшасы жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотынан, квазимемлекеттік сектор

субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шотынан респубикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотына тартылған жағдайда, тартылған/алынған уақытша бос бюджет ақшасының сомасы жергілікті бюджеттер көрсеткіштерінің орындалуы туралы деректер, респубикалық бюджет көрсеткіштерінің орындалуы туралы деректер мемлекеттік қазынашылық ұсынатын есептерде "Бюджет қаражатының қалдықтары: * Уақытша тартылған/алынған бюджет қаражатының қалдықтары" анықтамалық бөлімінде көрсетіледі.

Тартылған/алынған уақытша бос бюджет ақшасының сомасы 1 шілдедегі және 1 қаңтардағы жағдай бойынша бюджеттің атқарылуы туралы деректерде көрсетілмейді.

Бюджеттің атқарылуы туралы есептерде тартылған/алынған уақытша бос бюджет ақшасының сомасы "Бюджет қаражатының қалдықтары: *Уақытша тартылған/алынған бюджет қаражатының қалдықтары" анықтамалық бөлімінде көрсетілмейді.

35. I "Кірістер" бөлімі бюджетке түсетін түсімдерді көрсетеді және бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының бастапқы төрт санаты бойынша бюджетке түсетін түсімдерді қамтитын мынадай төрт кіші бөлімнен тұрады: "Салық түсімдері", "Салықтық емес түсімдер", "Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер", "Трансфертер түсімдері".

36. II "Шығындар" бөлімі қайтарымсыз негізде жүзеге асырылатын бюджеттен төленетін төлемдерді көрсететін шығыстардың функционалдық сыныптамасының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15 функционалдық топтарынан тұрады.

37. III "Таза бюджеттік кредит беру" бөлімі "Бюджеттік кредиттер" және "Бюджеттік кредиттерді өтеу" кіші бөлімдері арасындағы айырманы көрсетеді, онда тиісінше қайтарымды негізде жүзеге асырылатын, бюджеттен төленетін төлемдер мен бұрын берілген кредиттер бойынша борышты өтеу есебіне бюджетке түсетін түсімдер көрсетіледі.

Таза бюджеттік кредит беру $K = (bk - pk)$ формуласы бойынша анықталады, мұнда

K – таза бюджеттік кредит беру;

bk – бюджеттік кредиттер;

pk – бюджеттік кредиттерді өтеу.

38. IV "Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо" бөлімі "Қаржы активтерін сатып алу" және "Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсім" кіші бөлімдері арасындағы айырманы көрсетеді, мұнда тиісінше қаржы активтерін сатып алуға арналған шығыстар мен мемлекеттің қаржы активтерін сатудан бюджетке түскен түсімдер көрсетіледі.

Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо

$S = (nf - pf)$ формуласы бойынша айқындалады, мұндағы

S – қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо;

nf – қаржы активтерін сатып алу;

pf – қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер.

39. V "Бюджет тапшылығы (профициті)" бөлімі кірістер мен шығындар, таза бюджеттік кредит беру мен қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо арасындағы айырмаға тең бюджет тапшылығын (профицитін) көрсетеді.

Бюджет тапшылығы (профициті) $Db(Pb) = D - Z - K - S$ формуласы бойынша анықталады, мұнда

Db – бюджет тапшылығы;

Pb – бюджеттің профициті;

D – кірістер;

Z – шығындар;

K – таза бюджеттік кредит беру;

S – қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо.

Алынған көлемнің теріс белгісі бары бюджет тапшылығы, оң белгісі бары – профициті болып табылады.

40. VI "Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті)" бөлімі қарыздарды өтеуді қоспағанда, қарыздар түсімдерін, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан трансфертер түсімдерін және шикі мұнайға салынатын кедендік әкету бажын алып тастағандағы республикалық немесе мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер мен республикалық немесе мемлекеттік бюджеттің шығыстары арасындағы айырмаға тең бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығын (профицитін) көрсетеді.

Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті) мынадай формула бойынша анықталады:

$NDb(NPb) = D - T(NF) - VTP - Z - K - S$, мұнда

NDb – бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы;

NPb – бюджеттің мұнайға қатысты емес профициті;

D – кірістер;

$T(NF)$ – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан трансфертер түсімі;

VTP – шикі мұнайға салынатын кедендік әкету бажы;

Z – шығындар;

K – таза бюджеттік кредит беру;

S – қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо.

Теріс белгісімен алынған шама мұнайға қатысты емес тапшылығы, оң белгісімен алынған шама – бюджеттің мұнайға қатысты емес профициті болып табылады.

41. VII "Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)" бөлімі: "Қарыздар түсімі", "Қарыздарды өтеу", "Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары" деген кіші бөлімдерден тұрады және қарыз алу мен бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары есебінен бюджет тапшылығын жабуды қамтамасыз етуді немесе қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге бюджет профицитін, қарыздар қаражатын, бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтарын жұмсауды көрсетеді.

Тапшылықты қаржыландыру (профицитті пайдалану) мынадай формулалар бойынша анықталады:

$$Fd (Fp) = N + O - R, \text{ мұнда}$$

Fd – бюджет тапшылығын қаржыландыру көлемі. Оң белгісі бар бюджет тапшылығын қаржыландыру мәні оның тапшылығының көлеміне сәйкес келеді;

Fp – бюджеттің профицитін қаржыландыру көлемі. Теріс белгісі бар бюджет профицитін пайдалану мәні оның профицитінің көлеміне сәйкес келеді;

N – алынған қарыздардың сомасы;

O – бюджет қаражатының пайдаланылған қалдықтарының сомасы;

R – қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу сомасы.

42. Бюджет қаражатының пайдаланылатын сомасы $O = R - Db (Pb.) - N$ формуласы бойынша анықталады, мұнда

R, Db, Pb, N осы Қағидалардың 39, 41-тар мақтараты формулаларының құрауыштарына сәйкес келеді.

Тапшылықты жабуға (профицитті пайдалануға) бюджет қаражаты қалдықтарының пайдаланылатын сомасы оң белгімен, ал пайдаланылмайтыны – теріс белгімен есепке алынады.

43. Тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарында есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша пайдаланылмай қалған қаражат кезеңнің соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары болып табылады.

44. Бюджет қаражатының еркін қалдықтары – бұл:

1) алынған қарыздар бойынша негізгі борышқа қызмет көрсетуге және өтеуге;

2) іске асыру мерзімі бір жылдан асатын бюджеттік даму бағдарламалары және дайындау және беру мерзімі бір қаржы жылынан асатын активтерді және басқа да тауарларды, көрсетілу мерзімі бір қаржы жылынан асатын қызметтерді сатып алушы көздейтін ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша өткен қаржы жылының қабылданған міндеттемелерінің төленбegen бөлігін қаржыландыруға;

3) бюджеттік инвестицияларды іске асыру кезеңіне сәйкес келетін бюджеттік инвестицияларды одан әрі қаржыландыруға;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резерв есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) одан әрі қаржыландыруға;

5) өткен қаржы жылында міндеттемелер қабылданбаған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) тиісті бюджет комиссиясының ұсынысы бойынша және бюджеттік мониторинг негізінде олардың нысаналы мақсатын өзгертпей одан әрі қаржыландыруға;

6) респубикалық, облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттен бөлінген нысаналы трансфертердің өткен қаржы жылында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомаларын қайтаруға;

7) жалпы сипаттағы трансфертер көлемдері туралы занда (облыстық мәслихаттың шешімінде) белгіленген ең төменгі көлемдерден төмен көлемде жергілікті бюджеттен шығыстардың жекелеген бағыттарын қаржыландырған жағдайда, белгіленген соманың төлемдер бойынша қаржыландырудың тиісті қаржы жылышының соңындағы жиынтық жоспарының жылдық сомасынан асып түскен сомасы өткен қаржы жылышының қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы органдардың қайтаруға;

8) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке нысаналы трансферт түрінде тартылған пайдаланылмаған қаражат бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қайтаруға.

45. Қаржы жылышының басына бюджет қаражатының қалдық сомасы есепке қолмен енгізіледі, ағымдағы қаржы жылышының басынан бастап және соңына дейін өзгеріссіз қалады және ол есептің анықтамалық бөлімінде "Бюджет түсімдерінің атқарылуы және (немесе) бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер" бағанында көрсетіледі.

46. Қаржы жылышының басында қалдық сомасы бар "Бюджет қаражатының пайдаланылған қалдық сомасы" жолы бойынша есепте көрсетілетін сома анықтамалық бөлімде көрсетілген есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша бюджет қаражаттары қалдықтарының сомасын құрайды. Егер бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтарының сомасында теріс белгі болса, онда оның абсолюттік шамасы қаржы жылышының басына қалдық сомасымен жинақталады, егер оң белгі болса, онда ол қаржы жылышының басына қалдық сомасынан алынады.

Есепте "Бюджет қаражатының пайдаланылған қалдықтары" жолында көрсетілетін сома "Қаржы жылышының басына бюджет қаражатының қалдықтары" жолы бойынша "Бюджет қаражатының қалдықтар" анықтамалық бөлімінде көрсетілетін сомадан аспайды.

47. Есепті кезеңнің соңына бюджет қаражатының қалдықтары мынадай түрде анықталады:

О $k = O H - O p$ ($O o$), мұнда

О К – есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары;

О Н – қаржы жылышының басындағы бюджет қаражатының қалдықтары;

О – бюджет қаражатының пайдаланылған қалдықтарының сомасы;

О p – тартылған уақытша бос бюджет ақшасының сомасы, оң белгісімен есепке алынады;

О o – алынған уақытша бос бюджет ақшасының сомасы, теріс белгісімен есепке алынады.

48. "Бюджет қаражатының қалдықтары" анықтамалық бөлімі қаржы жылышының басына және есепті кезеңнің соңына қалған бюджет қаражатының қалдықтарын көрсетеді.

8-тарау. Бюджеттің атқарылуы туралы есептерді толтыру тәртібі

49. Мына: республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы есептер - барлық алынған, оның ішінде басқа деңгейдегі бюджеттерден түскен түсімдерді және барлық жүргізілген шығыстарды, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен түскен түсімдер мен басқа да деңгейдегі бюджеттерге берілген трансферттер есебінен жүргізілген шығыстарды да қамтиды.

50. Республикалық бюджеттің бір айдағы (жылдағы) көрсеткіштерінің орыналуы туралы деректерді мемлекеттік қазынашылық жасайды.

51. Шоғырландырылған бюджет – өздерінің арасында өзара өтелетін операцияларды есепке алмағанда, республикалық бюджетті, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен шығыстарын, Жәбірленушілерге өтемақы қорының түсімдері мен төлемдерін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстарын, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстарын, Арнаулы мемлекеттік қорының түсімдері мен шығыстарын, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының түсімдері мен шығыстарын біріктіретін мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры.

9-тарау. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептерде жоғары тұрған бюджеттен алынған және жоғары тұрған бюджетке берілген трансферттердің көрсетілу тәртібі

52. Республикалық бюджеттің, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала бюджетінің, астана, аудандық бюджетінің (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы есептерді жасау кезінде трансферттер бойынша есеп айырысулар ашық түрде ескеріледі.

53. Жоғары тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау кезінде төмен тұрған бюджеттерге бөлінген трансферттер "Шығындар" бөлімінде, ал төмен тұрған бюджеттен алынған трансферттер – "Кірістер" бөлімінде "Трансферттердің түсімі" кіші бөлімінде ескеріледі.

54. Төмен тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есепте жоғары тұрған бюджеттен алынған трансферттер "Кірістер" бөлімінде "Трансферттердің түсімі" кіші бөлімінде, ал жоғары тұрған бюджетке берілген трансферттер – "Шығындар" бөлімінде көрсетіледі.

55. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы есепті жасау кезінде трансферттер бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің арасындағы есеп айырысулар есепке енгізілмейді.

56. Облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті жасау кезінде трансфертер бойынша облыстық бюджет және аудандар (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінің арасындағы есеп айырысулар есепке енгізілмейді.

57. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау кезінде трансфертер бойынша республикалық және облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар және астана бюджеттерінің арасындағы есеп айырысулар оған енгізілмейді.

58. Шоғырландырылған, мемлекеттік бюджеттердің, облыс бюджетінің және аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы есептерден жоғарыда аталған сомаларды алып тастау оларды екі рет есепке алууды болдырмау мақсатында: кірістерде – жоғары тұрган бюджетте түсім көзі бойынша және төмен тұрган бюджетте және шығыстарда алынған трансфертер ретінде - жоғары тұрган бюджеттен бөлінген трансфертер ретінде және олардың есебінен жүргізілген төмен тұрган бюджеттің шығыстары ретінде жүргізіледі.

10-тaraу. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептерде жоғары тұрган бюджеттен алынған бюджет кредиттерінің көрсетілу тәртібі

59. Төмен тұрган бюджет үшін бюджеттік кредиттер бюджет тапшылығын қаржыландыру көзі болып табылады және төмен тұрган бюджеттің атқарылуы туралы есепте "Бюджет тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру" бөлімінде "Қарыздардың тұсуі" кіші бөлімінде, жоғары тұрган бюджеттің есебінде "Таза бюджеттік кредит беру" бөлімінің "Бюджеттік кредиттер" кіші бөлімінде көрсетіледі.

Осыған байланысты, жоғары тұрган бюджеттен алынатын бюджеттік кредит төмен тұрган бюджетке жоғары тұрган бюджеттің өз кірісі есебінен бөлінеді және жоғары тұрган бюджеттің атқарылуы туралы есепте бір рет кірістер түсімдерінің көзі бойынша ескерілген болатын, ал алынған кредитті жұмсау төмен тұрган бюджеттің атқарылуы туралы есепте шығыстардың бағытына байланысты функционалдық топтар бойынша есепке алынады, мемлекеттік бюджеттің немесе облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепте бюджеттік кредиттерді беру есепке алынбайды. Осыған ұқсас жоғары тұрган бюджетке төмен тұрган бюджеттің бюджет кредиттерін өтеуі есепке алынбайды.

60. Жоғары тұрган бюджеттен алынған кредиттер бойынша сыйақы төмен тұрган бюджеттің меншікті түсімдері есебінен төленеді және жоғары тұрган бюджетке салықтық емес түсімдер болып табылады, олар қосалқы шоттан жалтару үшін мемлекеттік, шоғырландырылған бюджеттердің, облыс бюджетінің және аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру кезінде алып тасталады.

61. Қарыз қаражаты есебінен жоғары тұрган бюджеттен төмен тұрган бюджетке кредиттерді бөлу кезінде оған қызмет көрсетуге арналған шығыстар сомасы сондай-ақ

мемлекеттік, шоғырландырылған, облыс бюджетінің және аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру кезінде алыш тастауға жатады.

11-тарау. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептерде бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың көрсетілу тәртібі

62. Бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бюджетте бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша бекітіледі және Үкіметтің, жергілікті атқарушы органдар мен орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері негізінде әртүрлі бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында бөлінеді.

63. Бюджеттің атқарылуы туралы есепте бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың есебінен шығатын шығыстар, олар бөлінген сол бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының құрамында есепке алынады.

12-тарау. Мемлекеттік, шоғырландырылған бюджеттердің, облыс бюджетінің және аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы есептерді жасау тәртібі

64. Мемлекеттің бюджеттің атқарылуы туралы есептің жасалуы республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептердің негізінде, облыс бюджетінің атқарылуы туралы есептің жасалуы, облыстық бюджеттің, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің негізінде, ал аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы есептің жасалуы олардың арасындағы өзара өтелетін операцияларды есепке алмастан, аудандық бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің негізінде жүргізіледі.

Шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау мына:

- 1) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептің;
- 2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар және астана бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің негізінде құрылымдық бөлімшениң өзі қалыптастырылған жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана бойынша жиынтық) есептің;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оның пайдаланылуы туралы есептің;
- 4) Жәбірленушілерге өтемақы қорының түсімдері мен пайдаланыл уы және жәбірленушілерге жүргізілген өтемақы төлемдері туралы есептің;
- 5) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстары туралы есептің;
- 6) Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстары туралы есептің;

7) Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының түсімдері мен шығыстары туралы есептің;

8) Арнаулы мемлекеттік қорының түсімдері мен шығыстары туралы есептің негізінде жүргізіледі.

Өзара өтелетін операцияларға қосарланған есепті болғызбау мақсатында бюджеттің бір деңгейінен басқасына берілетін, трансфертер, бюджеттік кредиттер және басқа да ақша сомаларын алып тастаумен байланысты, шоғырландырылған, мемлекеттік бюджеттерді, облыс бюджетін және аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін, сондай-ақ олардың атқарылуы туралы есептерді қалыптастыру кезінде жүзеге асырылатын операциялар жатады.

65. Бюджетаралық қатынастар трансфертермен және бюджеттік кредиттермен реттеледі, шоғырландырылған, мемлекеттік бюджеттердің, облыс бюджетінің және аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы есептерді жасау кезінде олар бойынша қосарлы шотты алып тастау мақсатында олар республикалық және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың бюджеттерін, облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерді арифметикалық қосу жолымен алынған сомадан алып тастауга жатады.

66. Мемлекеттік, шоғырландырылған бюджеттердің, облыс бюджетінің атқарылуы туралы есеп осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес қалыптастырылады:

13-тaraу. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді ұсыну тәртібі

67. Есепті айдағы (жылдағы) әрбір деңгейдегі жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерді 1-27-нысанға (бұдан әрі – 1-27-нысаны) сәйкес мемлекеттік қазынашылық органдары осы Қағидаларға 20-қосымшага бойынша жасайды.

68. Мемлекеттік қазынашылық органы бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына:

1) есепті айдағы жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер – бюджет түсімдерін санаттары, сыныптары, қосымша сыныптары мен бюджет түсімдерін жіктеу ерекшелігі бойынша және бюджет шығыстарын функционалдық топтары, функционалдық кіші топтары, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бағдарламалар, кіші бағдарламалар бойынша толық көлемде электрондық деректер базасы түрінде есептіден кейінгі айдың екінші жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) есепті жылғы жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер санаттар, сыныптар, кіші сыныптар және бюджет түсімдері сыныптарының ерекшеліктері, бюджеттік бағдарламалар, бағдарламалар, кіші бағдарламалар

әкімшілері және бюджет шығыстары сыныптамасының ерекшеліктері бойынша бюджет түсімдерін және функционалдық топтар, функционалдық кіші топтар бойынша бюджет шығыстарын көрсете отырып электрондық дерекқор түрінде есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 10 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты өз билігіндегі есеп көрсеткіштерін жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы ұсынылған деректермен салыстырып тексеру жүргізеді.

Бұл ретте, нысан бойынша бюджет қаражаты түсімдерінің, шығыстарының және қалдықтарының сомасын салыстыру актісі жасалады. Содан кейін алшақтық себептерін анықтау және оларды жою бойынша бірлескен жұмыс жүргізіледі.

69. 1-27-нысан бойынша деректерге осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес өзара өтелетін операциялар жөніндегі деректер қоса беріледі.

70. Төмен тұрған деңгейдегі бюджеттің атқарылуы туралы есепті оның атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жоғары тұрған деңгейдегі бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға қағаз жеткізгіште және бюджеттің түсімдері мен шығыстары туралы электрондық дерекқор (бұдан әрі - электрондық дерекқор) түрінде береді.

71. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға мыналарды:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттінің атқарылуы туралы ай сайынғы есепті – толық көлемде есептіден кейінгі айдың 8 – күнінен кешіктірмей АЖ арқылы, онда жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептің бюджетке түсетін түсімдерді қамтитын бөлімі бюджет түсімдері сыныптамасының санаттарын, сыныптарын, кіші сыныптарын және ерекшелігін, ал есептің бюджет шығыстарын қамтитын бөлімі бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтарын, функционалдық кіші топтарын, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін, бағдарламаларды, кіші бағдарламаларды және ерекшеліктерін қамтиды, оны кейіннен осы Қағидалардың 30 және 31-тармақтарына сәйкес қалыптасқан мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы растай отырып, есептіден кейінгі айдың аяғына дейін;

2) облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттінің атқарылуы туралы жыл сайынғы есепті – толық көлемде АЖ арқылы есептіден кейінгі жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей, онда жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептің бюджетке түсетін түсімдерді қамтитын бөлімі бюджет түсімдері сыныптамасының санаттарын, сыныптарын, кіші сыныптарын және ерекшелігін, ал есептің бюджет шығыстарын қамтитын бөлімі бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтарын, функционалдық кіші топтарын, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін,

бағдарламаларды, кіші бағдарламаларды және ерекшеліктерін қамтиды, ал осы Қағидалардың 30 және 31-тармақтарына сәйкес қағаз жеткізгіште есептіден кейінгі жылдың 10 наурызына дейін ұсынады.

72. Бюджетті атқару жөніндегі облыстың жергілікті атқарушы органына ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы ай сайын, жыл сайын есепті ұсыну мерзімі соңынан белгіленеді.

73. Бюджетті атқару жөніндегі ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті уәкілетті органына аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есепті ұсыну мерзімі.

74. Мемлекеттік қазынашылық мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру үшін жауапты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органың құрылымдық бөлімшесіне мыналарды:

1) есепті айдағы респубикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы айлық есеп деректерін, сыртқы қарыздар есебінен есепті кезеңнің соңғы айының кассалық операцияларын есепке алмастан – есептіден кейінгі айдың 3 – інен кешіктірмей; сыртқы қарыздар есебінен есепті кезеңнің соңғы айының кассалық операцияларын ескере отырып – есептіден кейінгі айдың 8 – нен кешіктірмей.

Есепті қаржы жылынан кейінгі келесі жылдың 1 қантарындағы жағдай бойынша сыртқы қарыздар есебінен есепті кезеңнің соңғы айының кассалық операцияларын ескере отырып, респубикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер Қазақстан Республикасы Үкіметінің респубикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдың есебіне материалдарды талдау және дайындау үшін пайдаланылады.

2) мемлекеттік қазынашылық органдарының есептерінің және респубикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік есептілік деректерімен салыстырылған есепті жылдағы респубикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерді – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін.

75. Жергілікті бюджеттер бойынша даму бюджеттік бағдарламаларының атқарылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есепті бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары инвестициялық жобалар, концессиялық жобаларды бірлесе қаржыландыру, заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға берілген инвестициялар бойынша, сондай-ақ өзінің мазмұны бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға, концессиялық жобаларды бірлесе қаржыландыруға және "Басқалар" деген бөлімде көрсетілетін заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға жатпайтын бюджеттік даму бағдарламалары бойынша қорытынды деректерді көрсете отырып, 6-ДББ нысан бойынша қалыптастырады.

Жергілікті (жиынтық) бюджеттер бойынша бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есепті бюджетті атқару жөніндегі

орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру үшін жауапты құрылымдық бөлімшесі жергілікті бюджеттер бойынша бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы есептердің негізінде қалыптастырады.

Басым респубикалық бюджеттік инвестициялардың атқарылуы туралы ай сайынғы , жыл сайынғы есепті мемлекеттік қазынашылық, осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша респубикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қоса берілетін Басым респубикалық бюджеттік инвестиациялардың тізбесіне сәйкес қалыптастырады және есепті айдан кейінгі айдың 12-нен кешіктірілмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесіне ұсынылады.

76. Басым респубикалық бюджеттік инвестиациялардың атқарылуы туралы есепті жасау үшін мемлекеттік қазынашылық есепті айдан кейінгі айдың алғашқы бес жұмыс күні ішінде респубикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қоса берілетін басым респубикалық бюджеттік инвестиациялардың тізбесіне сәйкес АЖ-ге инвестициялық жобалардың жылдық сомалары бойынша деректерді жүктейді.

Респубикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері есепті айдан кейінгі ағымдағы айдың онынши күнінен кешіктірмей мемлекеттік қазынашылық осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес 7-БИЖ нысаны бойынша АЖ-де қалыптастырылған инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік даму бағдарламаларын атқару туралы есепті электрондық түрде ұсынады.

77. Респубикалық, мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы ай сайынғы есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне есепті айдан кейінгі айдың 20-нан кешіктірмей ұсынады.

Респубикалық бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы есеп есепті айдан кейінгі айдың 15-не Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына ұсынады.

Респубикалық, мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы ай сайынғы есеп есепті айдан кейінгі айдың 20-на мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

78. Мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы жыл сайынғы есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға өткен қаржы жылына арналған респубикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасының есептерін Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткеннен кейін он жұмыс күнінің ішінде ұсынады.

79. Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бөлінісінде жиынтық) ай сайынғы, жыл сайынғы есептерді, басым республикалық бюджеттік инвестициялардың атқарылуы туралы есептерді, жергілікті (жиынтық) бюджеттер бойынша бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы есептерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган нысандар бойынша электрондық түрде ілеспе хатпен тиісті мемлекеттік органдарға жібереді.

Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жиынтық есептің) бюджет түсімдерін қамтитын бөлімдері бюджет түсімдері сыныптамасының санаттары, сыныптары, кіші сыныптары мен ерекшеліктері жөніндегі деректерді қамтиды.

Есептердің бюджет шығыстарын қамтитын бөлімдері бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтары, функционалдық кіші топтары, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджеттік бағдарламалар мен кіші бағдарламалар жөніндегі деректерді қамтиды.

80. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган тиісті мемлекеттік органдарға біріктірілген нысанда жібереді, онда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің бюджет түсімдерін қамтитын бөлімдері бюджет түсімдері сыныптамасының санаттарын қамтиды, ал бюджет шығыстарын қамтитын бөлімдері бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтарын қамтиды.

81. Мемлекеттік, республикалық, жергілікті бюджеттердің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есептер (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінің атқарылуы туралы жиынтық есеп) электрондық түрде, осы Қағидаларға 33-тармаққа сәйкес бюджет құрылымы бойынша бюджет түсімдері сыныптамасының санаттары, сыныптары, кіші сыныптары мен ерекшеліктері бойынша бюджет түсімдерін және бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтары, функционалдық кіші топтары, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бағдарламалар, кіші бағдарламалар мен ерекшеліктері бойынша бюджет шығыстарын көрсете отырып, сондай-ақ бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының санаттары, сыныптары, кіші сыныптары мен ерекшеліктері және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде қалыптастырылады.

Мемлекеттік, (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жиынтық есеп) жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есептер бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның

мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесі:

1) мемлекеттік қазынашылық ұсынған республикалық бюджеттің көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерінің;

2) жергілікті уәкілетті органдары ұсынған жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептердің;

3) мемлекеттік қазынашылық ұсынған 1-27 нысан бойынша жергілікті бюджеттердің көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерінің;

4) орталық уәкілетті органның Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыйыптамасын әзірлеу функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі әзірлеген және АЖ-не енгізілген өзара өтелетін операциялар бойынша кодтарының кестесінің негізінде жасайды.

82. Шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесі:

1) мемлекеттік қазынашылық ұсынған республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректердің;

О о – алынған уақытша бос бюджет ақшасының сомасы, теріс белгісімен есепке алынады.

48. "Бюджет қаражатының қалдықтары" анықтамалық бөлімі қаржы жылшының басына және есепті кезеңнің сонына қалған бюджет қаражатының қалдықтарын көрсетеді.

8-тарау. Бюджеттің атқарылуы туралы есептерді толтыру тәртібі

49. Мына: республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) аудандық маңызы бар қала,

ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы есептер - барлық алынған, оның ішінде басқа деңгейдегі бюджеттерден түскен түсімдерді және барлық жүргізілген шығыстарды, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен түскен түсімдер мен басқа да деңгейдегі бюджеттерге берілген трансфертер есебінен жүргізілген шығыстарды да қамтиды.

50. Республикалық бюджеттің бір айдағы (жылдағы) көрсеткіштерінің орыналуы туралы деректерді мемлекеттік қазынашылық жасайды.

51. Шоғырландырылған бюджет – өздерінің арасында өзара өтелетін операцияларды есепке алмағанда, республикалық бюджетті, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен шығыстарын, Жәбірленушілерге өтемақы қорының түсімдері мен төлемдерін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстарын, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстарын, Арнаулы мемлекеттік қорының түсімдері мен шығыстарын біріктіріп мемлекеттің орталықтандырылған ақша қоры.

9-тарау. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептерде жоғары тұрған бюджеттен алынған және жоғары тұрған бюджетке берілген трансфертердің көрсетілу тәртібі

52. Республикалық бюджеттің, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала бюджетінің, астана, аудандық бюджетінің (облыстық маңызы бар қаланың), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы есептерді жасау кезінде трансфертер бойынша есеп айырысулар ашық түрде ескеріледі.

53. Жоғары тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау кезінде төмен тұрған бюджеттерге бөлінген трансфертер "Шығындар" бөлімінде, ал төмен тұрған бюджеттен алынған трансфертер – "Кірістер" бөлімінде "Трансфертердің түсімі" кіші бөлімінде ескеріледі.

54. Төмен тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есепте жоғары тұрған бюджеттен алынған трансфертер "Кірістер" бөлімінде "Трансфертердің түсімі" кіші бөлімінде, ал жоғары тұрған бюджетке берілген трансфертер – "Шығындар" бөлімінде көрсетіледі.

55. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы есепті жасау кезінде трансфертер бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің арасындағы есеп айырысулар есепке енгізілмейді.

56. Облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті жасау кезінде трансфертер бойынша облыстық бюджет және аудандар (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінің арасындағы есеп айырысулар есепке енгізілмейді.

57. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау кезінде трансфертер бойынша республикалық және облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар және астана бюджеттерінің арасындағы есеп айырысулар оған енгізілмейді.

58. Шоғырландырылған, мемлекеттік бюджеттердің, облыс бюджетінің және аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы есептерден жоғарыда аталған сомаларды алғып тастау оларды екі рет есепке алуды болдырмау мақсатында: кірістерде – жоғары тұрган бюджетте түсім көзі бойынша және төмен тұрган бюджетте және шығыстарда алынған трансфертер ретінде - жоғары тұрган бюджеттен бөлінген трансфертер ретінде және олардың есебінен жүргізілген төмен тұрган бюджеттің шығыстары ретінде жүргізіледі.

10-тарау. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептерде жоғары тұрган бюджеттен алынған бюджет кредиттерінің көрсетілу тәртібі

59. Төмен тұрган бюджет үшін бюджеттік кредиттер бюджет тапшылығын қаржыландыру көзі болып табылады және төмен тұрган бюджеттің атқарылуы туралы есепте "Бюджет тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру" бөлімінде "Қарыздардың тұсуі" кіші бөлімінде, жоғары тұрган бюджеттің есебінде "Таза бюджеттік кредит беру" бөлімінде "Бюджеттік кредиттер" кіші бөлімінде көрсетіледі.

Осыған байланысты, жоғары тұрган бюджеттен алынатын бюджеттік кредит төмен тұрган бюджетке жоғары тұрган бюджеттің өз кірісі есебінен бөлінеді және жоғары тұрган бюджеттің атқарылуы туралы есепте бір рет кірістер түсімдерінің көзі бойынша ескерілген болатын, ал алынған кредитті жұмсау төмен тұрган бюджеттің атқарылуы туралы есепте шығыстардың бағытына байланысты функционалдық топтар бойынша есепке алынады, мемлекеттік бюджеттің немесе облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепте бюджеттік кредиттерді беру есепке алынбайды. Осыған ұқсас жоғары тұрган бюджетке төмен тұрган бюджеттің бюджет кредиттерін өтеуі есепке алынбайды.

60. Жоғары тұрган бюджеттен алынған кредиттер бойынша сыйақы төмен тұрган бюджеттің меншікті түсімдері есебінен төленеді және жоғары тұрган бюджетке салықтық емес түсімдер болып табылады, олар қосалқы шоттан жалтару үшін мемлекеттік, шоғырландырылған бюджеттердің, облыс бюджетінің және аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру кезінде алғып тасталады.

61. Қарыз қаражаты есебінен жоғары тұрган бюджеттен төмен тұрган бюджетке кредиттерді бөлу кезінде оған қызмет көрсетуге арналған шығыстар сомасы сондай-ақ мемлекеттік, шоғырландырылған, облыс бюджетінің және аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру кезінде алғып тастауға жатады.

11-тaraу. Бюджеттердің атқарылуы туралы есептерде бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың көрсетілу тәртібі

62. Бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бюджетте бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша бекітіледі және Үкіметтің, жергілікті атқарушы органдар мен орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері негізінде әртүрлі бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында бөлінеді.

63. Бюджеттің атқарылуы туралы есепте бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың есебінен шығатын шығыстар, олар бөлінген сол бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының құрамында есепке алынады.

12-тaraу. Мемлекеттік, шоғырландырылған бюджеттердің, облыс бюджетінің және аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы есептерді жасау тәртібі

64. Мемлекеттің бюджеттің атқарылуы туралы есептің жасалуы республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептердің негізінде, облыс бюджетінің атқарылуы туралы есептің жасалуы, облыстық бюджеттің, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің негізінде, ал аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы есептің жасалуы олардың арасындағы өзара өтелетін операцияларды есепке алмастан, аудандық бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің негізінде жүргізіледі.

Шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау мына:

- 1) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептің;
- 2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар және астана бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің негізінде құрылымдық бөлімшениң өзі қалыптастырылған жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана бойынша жиынтық) есептің;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оның пайдаланылуы туралы есептің;
- 4) Жәбірленушілерге өтемақы қорының түсімдері мен пайдаланыл уы және жәбірленушілерге жүргізілген өтемақы төлемдері туралы есептің;
- 5) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстары туралы есептің;
- 6) Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстары туралы есептің;
- 7) Арнаулы мемлекеттік қорының түсімдері мен шығыстары туралы есептің негізінде жүргізіледі.

Озара өтелетін операцияларға қосарланған есепті болғызбау мақсатында бюджеттің бір деңгейінен басқасына берілетін, трансфертер, бюджеттік кредиттер және басқа да

ақша сомаларын алып тастаумен байланысты, шоғырландырылған, мемлекеттік бюджеттерді, облыс бюджетін және аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін, сондай-ақ олардың атқарылуы туралы есептерді қалыптастыру кезінде жүзеге асырылатын операциялар жатады.

65. Бюджетаралық қатынастар трансфертермен және бюджеттік кредиттермен реттеледі, шоғырландырылған, мемлекеттік бюджеттердің, облыс бюджетінің және аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің атқарылуы туралы есептерді жасау кезінде олар бойынша қосарлы шотты алып тастау мақсатында олар республикалық және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың бюджеттерін, облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерді арифметикалық қосу жолымен алынған сомадан алып тастауға жатады.

66. Мемлекеттік, шоғырландырылған бюджеттердің, облыс бюджетінің атқарылуы туралы есеп осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес қалыптастырылады:

13-тaraу. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының бюджеттердің атқарылуы туралы есептерді ұсыну тәртібі

67. Есепті айдағы (жылдағы) әрбір деңгейдегі жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерді 1-27-нысанға (бұдан әрі – 1-27-нысаны) сәйкес мемлекеттік қазынашылық органдары осы Қағидаларға 19-қосымшаға бойынша жасайды.

68. Мемлекеттік қазынашылық органы бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына:

1) есепті айдағы жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер – бюджет түсімдерін санаттары, сыныптары, қосымша сыныптары мен бюджет түсімдерін жіктеу ерекшелігі бойынша және бюджет шығыстарын функционалдық топтары, функционалдық кіші топтары, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бағдарламалар, кіші бағдарламалар бойынша толық көлемде электрондық деректер базасы түрінде есептіден кейінгі айдың екінші жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) есепті жылғы жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер санаттар, сыныптар, кіші сыныптар және бюджет түсімдері сыныптарының ерекшеліктері, бюджеттік бағдарламалар, бағдарламалар, кіші бағдарламалар әкімшілері және бюджет шығыстары сыныптамасының ерекшеліктері бойынша бюджет түсімдерін және функционалдық топтар, функционалдық кіші топтар бойынша бюджет шығыстарын көрсете отырып электрондық дерекқор түрінде есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 10 қаңтарынан кешіктірмей ұсынады.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты өз билігіндегі есеп көрсеткіштерін

жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы ұсынылған деректермен салыстырып тексеру жүргізеді.

Бұл ретте, нысан бойынша бюджет қаражаты түсімдерінің, шығыстарының және қалдықтарының сомасын салыстыру актісі жасалады. Содан кейін алшақтық себептерін анықтау және оларды жою бойынша бірлескен жұмыс жүргізіледі.

69. 1-27-нысан бойынша деректерге осы Қағидаларға 21-қосымшага сәйкес өзара өтелетін операциялар жөніндегі деректер қоса беріледі.

70. Төмен тұрған деңгейдегі бюджеттің атқарылуы туралы есепті оның атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жоғары тұрған деңгейдегі бюджеттің атқару жөніндегі уәкілетті органға қағаз жеткізгіште және бюджеттің түсімдері мен шығыстары туралы электрондық дерекқор (бұдан әрі - электрондық дерекқор) түрінде береді.

71. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға мыналарды:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттінің атқарылуы туралы ай сайынғы есепті – толық көлемде есептіден кейінгі айдың 8 – күнінен кешіктірмей АЖ арқылы, онда жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептің бюджетке түсетін түсімдерді қамтитын бөлімі бюджет түсімдері сыныптамасының санаттарын, сыныптарын, кіші сыныптарын және ерекшелігін, ал есептің бюджет шығыстарын қамтитын бөлімі бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтарын, функционалдық кіші топтарын, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін, бағдарламаларды, кіші бағдарламаларды және ерекшеліктерін қамтиды, оны кейіннен осы Қағидалардың 30 және 31-тармақтарына сәйкес қалыптасқан мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы растай отырып, есептіден кейінгі айдың аяғына дейін;

2) облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттің атқарылуы туралы жыл сайынғы есепті – толық көлемде АЖ арқылы есептіден кейінгі жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей, онда жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептің бюджетке түсетін түсімдерді қамтитын бөлімі бюджет түсімдері сыныптамасының санаттарын, сыныптарын, кіші сыныптарын және ерекшелігін, ал есептің бюджет шығыстарын қамтитын бөлімі бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтарын, функционалдық кіші топтарын, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін, бағдарламаларды, кіші бағдарламаларды және ерекшеліктерін қамтиды, ал осы Қағидалардың 30 және 31-тармақтарына сәйкес қағаз жеткізгіште есептіден кейінгі жылдың 10 наурызына дейін ұсынады.

72. Бюджетті атқару жөніндегі облыстың жергілікті атқарушы органдың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің атқарылуы туралы ай сайын, жыл сайын есепті ұсыну мерзімі соңынан белгіленеді.

73. Бюджетті атқару жөніндегі ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті уәкілетті органына аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есепті ұсыну мерзімі.

74. Мемлекеттік қазынашылық мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру үшін жауапты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесіне мыналарды:

1) есепті айдағы республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы айлық есеп деректерін, сыртқы қарыздар есебінен есепті кезеңнің соңғы айының кассалық операцияларын есепке алмастан – есептіден кейінгі айдың 3 – інен кешіктірмей; сыртқы қарыздар есебінен есепті кезеңнің соңғы айының кассалық операцияларын ескере отырып – есептіден кейінгі айдың 8 – нен кешіктірмей.

Есепті қаржы жылынан кейінгі келесі жылдың 1 қанчарындағы жағдай бойынша сыртқы қарыздар есебінен есепті кезеңнің соңғы айының кассалық операцияларын ескере отырып, республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебіне материалдарды талдау және дайындау үшін пайдаланылады.

2) мемлекеттік қазынашылық органдарының есептерінің және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік есептілік деректерімен салыстырылған есепті жылдағы республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерді – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін.

75. Жергілікті бюджеттер бойынша даму бюджеттік бағдарламаларының атқарылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есепті бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары инвестициялық жобалар, концессиялық жобаларды бірлесе қаржыландыру, заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға берілген инвестициялар бойынша, сондай-ақ өзінің мазмұны бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға, концессиялық жобаларды бірлесе қаржыландыруға және "Басқалар" деген бөлімде көрсетілетін заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға жатпайтын бюджеттік даму бағдарламалары бойынша қорытынды деректерді көрсете отырып, 6-ДББ нысан бойынша қалыптастырады.

Жергілікті (жинынтық) бюджеттер бойынша бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру үшін жауапты құрылымдық бөлімшесі жергілікті бюджеттер бойынша бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы есептердің негізінде қалыптастырады.

Басым республикалық бюджеттік инвестициялардың атқарылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есепті мемлекеттік қазынашылық, осы Қағидаларға 22-қосымшаға

сәйкес нысан бойынша республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қоса берілетін Басым республикалық бюджеттік инвестициялардың тізбесіне сәйкес қалыптастырады және есепті айдан кейінгі айдың 12-нен кешіктірілмей бюджеттік атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесіне ұсынылады.

76. Басым республикалық бюджеттік инвестициялардың атқарылуы туралы есепті жасау үшін мемлекеттік қазынашылық есепті айдан кейінгі айдың алғашқы бес жұмыс күні ішінде республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қоса берілетін басым республикалық бюджеттік инвестициялардың тізбесіне сәйкес АЖ-ге инвестициялық жобалардың жылдық сомалары бойынша деректерді жүктейді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері есепті айдан кейінгі ағымдағы айдың оныншы күнінен кешіктірмей мемлекеттік қазынашылық осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес 7-БИЖ нысаны бойынша АЖ-де қалыптастырылған инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік даму бағдарламаларын атқару туралы есепті электрондық түрде ұсынады.

77. Республикалық, мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы ай сайынғы есепті бюджеттік атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне есепті айдан кейінгі айдың 20-нан кешіктірмей ұсынады.

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы есеп есепті айдан кейінгі айдың 15-не Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына ұсынады.

Республикалық, мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы ай сайынғы есеп есепті айдан кейінгі айдың 20-на мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

78. Мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы жыл сайынғы есепті бюджеттік атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға өткен қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасының есептерін Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткеннен кейін он жұмыс күнінің ішінде ұсынады.

79. Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бөлінісінде жиынтық) ай сайынғы, жыл сайынғы есептерді, басым республикалық бюджеттік инвестициялардың атқарылуы туралы есептерді, жергілікті (жиынтық) бюджеттер

бойынша бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы есептерді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган нысандар бойынша электрондық түрде ілеспе хатпен тиісті мемлекеттік органдарға жібереді.

Мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы жиынтық есептің) бюджет түсімдерін қамтитын бөлімдері бюджет түсімдері сыныптамасының санаттары, сыныптары, кіші сыныптары мен ерекшеліктері жөніндегі деректерді қамтиды.

Есептердің бюджет шығыстарын қамтитын бөлімдері бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтары, функционалдық кіші топтары, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджеттік бағдарламалар мен кіші бағдарламалар жөніндегі деректерді қамтиды.

80. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы есептерді бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган тиісті мемлекеттік органдарға біріктілген нысанда жібереді, онда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің бюджет түсімдерін қамтитын бөлімдері бюджет түсімдері сыныптамасының санаттарын қамтиды, ал бюджет шығыстарын қамтитын бөлімдері бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтарын қамтиды.

81. Мемлекеттік, республикалық, жергілікті бюджеттердің, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есептер (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінің атқарылуы туралы жиынтық есеп) электрондық түрде, осы Қағидаларға 33-тармаққа сәйкес бюджет құрылымы бойынша бюджет түсімдері сыныптамасының санаттары, сыныптары, кіші сыныптары мен ерекшеліктері бойынша бюджет түсімдерін және бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтары, функционалдық кіші топтары, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бағдарламалар, кіші бағдарламалар мен ерекшеліктері бойынша бюджет шығыстарын көрсете отырып, сондай-ақ бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының санаттары, сыныптары, кіші сыныптары мен ерекшеліктері және бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде қалыптастырылады.

Мемлекеттік, (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жиынтық есеп) жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есептер бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесі:

1) мемлекеттік қазынашылық ұсынған республикалық бюджеттің көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерінің;

2) жергілікті уәкілетті органдары ұсынған жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептердің;

3) мемлекеттік қазынашылық ұсынған 1-27 нысан бойынша жергілікті бюджеттердің көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректерінің;

4) орталық уәкілетті органның Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыйыптамасын әзірлеу функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі әзірлеген және АЖ-не енгізілген өзара өтелетін операциялар бойынша кодтарының кестесінің негізінде жасайды.

82. Шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесі:

1) мемлекеттік қазынашылық ұсынған республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректердің;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары ұсынған, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың бюджеттерінің атқарылуы туралы есептердің негізінде құрылымдық бөлімшениң өзі қалыптастырган жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша жиынтық) есептің;

3) мемлекеттік қазынашылық ұсынған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оның пайдаланылуы туралы есептің;

4) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау функциясын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі ұсынған Ұлттық қорды басқарудан түскен инвестициялық кірістердің және Ұлттық Қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің жоспарлы көрсеткіштерінің;

5) мемлекеттік қазынашылық ұсынған Жәбірленушілерге өтемақы қорының түсімдері мен оның пайдаланылуы және жәбірленушілерге жүргізілген өтемақы төлемдері туралы есептің;

6) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстары туралы есептің;

7) Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстары туралы есептің;

8) Арнаулы мемлекеттік қорының түсімдері мен шығыстары туралы есептің негізінде жасалады.

83. Шоғырландырылған бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есеп мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есептер үшін осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде жасалады және бюджетті атқару жөніндегі

орталық уәкілетті орган электрондық түрде (біріктірілген түрде) ілеспе хатпен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

14-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есепті жасау мен ұсыну тәртібі

84. Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесі жасайды және ол өзіне мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) кірістер (I);
- 2) қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер (II);
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотына түскен түсімдердің жиыны (III);
- 4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотынан аударымдар (IV);
- 5) түсімдер мен аударымдар сальdosы (V);
- 6) қаржы жылдының басындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдығы (VI);
- 7) есепті кезеңнің аяғындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдығы (VII).

85. Мемлекеттік қазынашылық Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесіне есептің кейінгі айдан кейінгі айдың 5 күнінен кешіктірмей ұсынады.

15-тарау. Бюджеттен тыс қорлардың түсімдері мен шығыстары туралы есептерді жасау және ұсыну тәртібі

86. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры есепті респубикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне 8-МӘСК нысанын ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 7-і күніне дейінгі мерзімде және тиісті қаржы жылды үшін есептіден кейінгі жылдың 27 қаңтарына дейінгі мерзімде ұсынады.

Респубикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға 8-МӘСК нысанын ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне дейінгі мерзімде және тиісті қаржы жылды үшін есептіден кейінгі жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде ұсынады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстары туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есеп мына бөлімдерді қамтиды:

- 1) Түсімдер, барлығы (I),
- 2) Шығыстар (II);
- 3) Түсімдер мен шығыстар сальдосы (III);
- 4) Қаржы жылдының басындағы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының ақша қалдығы (IV);
- 5) Есепті кезеңнің соңындағы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының ақша қалдығы (V);

87. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры есепті республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне 8-ӘлМСҚ нысанын ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 7-і күніне дейінгі мерзімде және тиісті қаржы жылды үшін есептіден кейінгі жылдың 27 қаңтарына дейінгі мерзімде ұсынады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға 8-ӘлМСҚ нысанын ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне дейінгі мерзімде және тиісті қаржы жылды үшін есептіден кейінгі жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде ұсынады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстары туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есеп мына бөлімдерді қамтиды:

- 1) Түсімдер, барлығы (I),
оның ішінде нысаналы жарна:
тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызметтер көрсетуге ақы төлеу үшін;

әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу үшін;

- 2) Шығыстар (II);
- 3) Түсімдер мен шығыстар сальдосы (III);
- 4) Қаржы жылдының басындағы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ақша қалдығы (IV);
- 5) Есепті кезеңнің соңындағы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ақша қалдығы (V).

88. Жәбірленушілерге өтемақы қорының түсімдері және оның пайдаланылуы туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есепті мемлекеттік қазынашылық жасайды және ол өзіне мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) Кірістер (I);
- 2) Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотынан төлемдер (II);

- 3) Кірістер мен төлемдер сальдосы (III);
- 4) Қаржы жылышындағы Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдығы (IV);
- 5) Есепті кезеңнің аяғындағы Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдығы (V).

89. Арнаулы мемлекеттік қорының түсімдері мен шығыстары туралы ай сайынғы, жыл сайынғы есепті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган, тиісті саланың орталық уәкілетті орган, тиісті саланың жергілікті уәкілетті орган, активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті орган жасайды және бөлімдерді қамтиды:

1. мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган үшін:
 - 1) Арнаулы мемлекеттік қордың кірістері салықтық емес түсімдер, барлығы (I),
 - 2) Арнаулы мемлекеттік қордың шығыстары, барлығы (II);
 - 3) кірістер мен шығыстар сальдосы (III);
 - 4) қаржы жылышындағы Арнаулы мемлекеттік қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдығы (IV);
 - 5) есепті кезеңнің аяғындағы Арнаулы мемлекеттік қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдығы (V).
2. тиісті саланың орталық және жергілікті уәкілетті органдары және активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті орган үшін:
 - 1) тиісті саланың орталық уәкілетті органы/тиісті саланың жергілікті уәкілетті органы/активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органы Арнаулы мемлекеттік қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы түсімдері, барлығы (I);
 - 2) тиісті саланың орталық уәкілетті органы/тиісті саланың жергілікті уәкілетті органы/активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органы Арнаулы мемлекеттік қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы шығыстар, барлығы (II);
 - 3) Түсімдер мен шығыстардың сальдосы (III);
 - 4) Қаржы жылышындағы тиісті саланың орталық уәкілетті органы/тиісті саланың жергілікті уәкілетті органы/активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органы Арнаулы мемлекеттік қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдығы (IV);
 - 5) Есепті кезеңнің аяғындағы тиісті саланың орталық уәкілетті органы/тиісті саланың жергілікті уәкілетті органы/активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органы Арнаулы мемлекеттік қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдығы (V).

Арнаулы мемлекеттік қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты бойынша есепті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі орталық

уәкілетті органға ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде және тиісті қаржы жылы үшін есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 қаңтарына дейінгі мерзімде 10-АМҚ нысаны сәйкес ұсынады.

Тиісті саланың орталық уәкілетті органының қолма-қол ақшаны бақылау шоты бойынша есепті тиісті саланың орталық уәкілетті органы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде және тиісті қаржы жылы үшін есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 қаңтарына дейінгі мерзімде 11-АМҚ-ОУО/ЖУО/УО нысаны сәйкес ұсынады.

Тиісті саланың жергілікті уәкілетті органының қолма-қол ақшаны бақылау шоты бойынша есепті тиісті саланың жергілікті уәкілетті органы тиісті саланың орталық уәкілетті органына ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде және тиісті қаржы жылы үшін есепті кезеңнен кейінгі жылдың 15 қаңтарына дейінгі мерзімде 11-АМҚ-ОУО/ЖУО/УО нысаны сәйкес ұсынады.

Активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органның қолма-қол ақшаны бақылау шоты бойынша есепті активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде және тиісті қаржы жылы үшін есепті кезеңнен кейінгі жылдың 15 қаңтарына дейінгі мерзімде 11-АМҚ-ОУО/ЖУО/УО нысаны сәйкес ұсынады.

16-тaraу. Қорытынды ережелер

90. Бюджеттік және қаржылық есептіліктерді үйлестіру мақсатында есептердің осы нысандарын өзара салыстырып тексеру жүргізіледі.

Бюджеттік және шоғырландырылған қаржылық есептілікпен салыстырып тексеру үшін мынадай:

1-АҚ нысаны бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсітін түсімдер мен ақшаны жұмсау жоспарының орындалуы туралы есеп;

1-АҚ-УО нысаны бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсітін түсімдер мен ақшаны жұмсау жоспарының орындалуы туралы есеп;

2-ДҚ нысаны бойынша филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен ақша түсімі және олардың жұмсалуы туралы есеп;

4-20-нысан бойынша қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп; республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер;

1-27-нысан бойынша жергілікті бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер пайдаланылады.

Алшақтықтар табылған кезде алшақтықтардың себептерін айқындау және оларды жою бойынша жұмыстар жүргізіледі.

91. Мемлекеттік мекемелердің жыл сайынғы және жарты жыл сайын бюджеттік есептеріне есепті кезеңде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан

түсken ақша түсімдері мен шығыстары жоспарының орындалуына, сондай-ақ филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен қаражат түсімдері мен шығыстарына әсер еткен негізгі факторлар баяндалған ақпарат қоса беріледі.

92. Жыл сайынғы және жарты жыл сайынғы есептерге ақпарат қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаның құрамында көрініс табады және қысқаша жазылуы және мына бөлімдер бойынша: жалпы ережелер мен бюджеттік есептілік нысандары жөніндегі түсіндірмені қамтуы тиіс.

93. Бюджеттің атқарылуы туралы айлық (жылдық) есептерді, бюджеттің түсімдері мен шығыстары туралы электрондық дерекқорды қалыптастыру және ұсыну бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелерінің арасындағы өзара қарым-қатынастарды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган реттейді.

Бюджеттік есептілікті жасау
және ұсыну қағидаларына
1-қосымша

Бюджеттік есептілікті жасау нысандарының тізбесі

Кезеңділік				Нысандардың атауы
ай сайын	тоқсан сайын	жарты жыл сайын	жыл сайын	
1	2	3	4	5
		жарты жыл сайын	жыл сайын	Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсітін түсімдер мен ақшаны жұмсау жоспарының орындалуы туралы есеп – 1-АҚ нысаны * (2-қосымша)
		жарты жыл сайын	жыл сайын	Филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен ақша түсімі және

				олардың жұмсалуы туралы есеп – 2-ДҚ-нысан (3-қосымша)
	жарты жыл сайын	жыл сайын		Өкілдік шығындар бөлінген каражаттың пайдаланулы туралы есеп 3-ӨШ нысаны (4-қосымша)
ај сайын				қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп – 4-20-нысан (5-қосымша)
ај сайын		жыл сайын		Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру корының түсімдері мен шығыстары туралы есеп 8-МӘСҚ (6-қосымша)
ај сайын		жыл сайын		Әлеуметтік медициналық сақтандыру корының түсімдері мен шығыстары туралы есеп 8-ӘлМСҚ (7-қосымша)
ај сайын	тоқсан сайын	жыл сайын		Арнаулы мемлекеттік корының түсімдері мен шығыстары туралы есеп – 10-АМҚ нысаны (8-қосымша)
ај сайын	тоқсан сайын	жыл сайын		Арнаулы мемлекеттік корының түсімдері мен шығыстары туралы есеп – 11-АМҚ-ОУО/ЖУО/ УО нысаны (9-қосымша)
ај сайын		жыл сайын		Бюджеттің атқарылуы туралы есеп (10-қосымша)
				Қазақстан Республикасының шоғырландырылған

аý сайын		жыл сайын	бюджетінің атқарылуы туралы есеп (11-қосымша)
аý сайын		жыл сайын	Казақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есеп (12- қосымша)
аý сайын		жыл сайын	Жәбірленушілерге өтемақы қорының түсімдері мен пайдаланылуы және жәбірленушілерге жүргізілген өтемақы төлемдері туралы есеп (13-қосымша)
	жарты жыл сайын	жыл сайын	1-АҚ нысаны б о й и н ш а тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсетін түсімдер мен ақшаны жұмсау жоспарының орындалуы туралы есеп – 1-АҚ-УО нысаны** (14-қосымша)
аý сайын		жыл сайын	_____ жылдарға арналған республикалық б ю д ж е т көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер (15-қосымша)
аý сайын		жыл сайын	Есепті деректерді салыстырып тексеру актісі (16-қосымша)
			Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және занды тұлғалардың

аý сайын			жыл сайын	жарғылық капиталын калыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөле отырып, бюджеттік даму бағдарламаларының атқарылуы туралы есеп – 6-БДБ-нысан (17-қосымша)
аý сайын			жыл сайын	жылдарға арналған (жергілікті бюджеттің атавы) б ю д ж е т көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер (19-қосымша)
аý сайын			жыл сайын	жылдарға арналған (жергілікті бюджеттің атавы) б ю д ж е т көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер (тек қана өзара өтелетін төлемдер кодтар) (20-қосымша)
аý сайын			жыл сайын	Б а с ы м республикалық бюджеттік инвестициялардың атқарылуы туралы есеп (21-қосымша)
аý сайын			жыл сайын	Инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік даму бағдарламаларының орындалуы туралы есеп – 7-БИЖ нысаны (22-қосымша)

Ескертпе:

*1-АҚ нысаны – мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілері үшін;

**1-АҚ-УО нысаны – бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараты.

Бюджеттік есептілікті жасау

және ұсыну қагидаларына

2-косымша

Әкімшілік деректер жинауга

арналған

нысан

Ұсынылады: бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік қазынашылыққа

Әкімшілік нысанның атауы: Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуінен түсken түсімдері мен ақша шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 1-МУО

Кезеңділік: жарты жыл сайын, жыл сайын

Есепті кезең: 20 _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: мемлекеттік мекемелер, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: мемлекеттік мекемелер үшін ағымдағы қаржы жылышының 5 шілдеден кешіктірмей және есепті қаржы жылышынан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей; бюджеттік бағдарламалар әкімшілері үшін ағымдағы қаржы жылышының 15 шілдеден кешіктірмей және есепті қаржы жылышынан кейінгі жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей

Бизнес сәйкестендіру нөмер:

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау түрі: электронды түрде

Бюджеттің түрі _____

Өлшем бірлігі: мың теңге

Бюджеттік бағдарламалар	Бюджеттік	Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді)	Жол/ерекше	Атауы	Есепті кезеңге арналғау	Орындау	жылдық жоспарға орындалу пайызблары	Есепті кезең жоспарына орындалу
-------------------------	-----------	---	------------	-------	-------------------------	---------	-------------------------------------	---------------------------------

Функционалдық топ	жімшісі	бағдарлама	Кіші бағдарлама	өткізудең түсімдеңдін коды	лік коды	Жылдың жоспары	н	Жылдың жоспары	н	ен (10- баған/8 - баған x100)	пайыздың (10- баған /9 - баған x100)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
					010	Түсімдеңдін барлығы					
					011	Қаржы жылышың басына қаражат қалдығы					
					012	Ағымдағы жылдың түсімдеңдірі					
					020	Шығыстардың барлығы					
						оның ішінде ерекше ліктер бойынша					
					021	олардан, бюджет кірісіне аударылғаны					
					030	Ағымдағы қаржы жылышың есепті кезеңінде аяғында					

Атауы: _____ Мекенжайы: _____

Телефоны: _____

Электрондық пошта мекенжайы: _____

Мемлекеттік мекеменің/бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы:

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Мемлекеттік мекеменің/бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бас бухгалтері:

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда):

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауга арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме "Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуінен түскен түсімдері мен ақша шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған нысанға қосымшада келтірлген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауга арналған
"Тауарларды (жұмыстарды,
көрсетілетін қызметті)
өткізуден түскен түсімдер мен
акша шығыстары
жоспарларының орындалуы
туралы есеп" нысанына
қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған "Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуінен түскен түсімдері мен ақша шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (1-МУО, ай сайын, жыл сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған "Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) өткізуден түскен түсімдер мен ақша шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірынғай талаптарды айқындейды.

2. Нысанға мемлекеттік мекеменің немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

3. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тaraу. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 1, 2, 3 және 4-бағандарда функционалдық топтың, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджеттік бағдарламалардың, кіші бюджеттік бағдарламалардың кодтары көрсетіледі.

5. 5 және 6-бағандарда тауарлардың (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсітін түсімдердің коды және жол/ерекшелік коды көрсетіледі.

6. 7-бағанда атауы көрсетіледі.

Кіріс бөлігі:

010 "Түсімдердің барлығы" деген жол бойынша қаржы жылдының басындағы ақша қалдығын және ағымдағы жылғы түсімдер сомасын қамтитын түсімдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

011 "Қаржы жылдының басындағы қаражат қалдығы" деген жол бойынша қаржы жылдының басындағы ақша қалдығы көрсетіледі;

012 "Ағымдағы жылдың түсімдері" деген жол бойынша ағымдағы жыл түсімдерінің сомасы көрсетіледі.

Шығыс бөлігі:

020 "Шығыстардың барлығы, оның ішінде ерекшеліктер бойынша" деген жол бойынша шығыстардың экономикалық сыныптамасының барлық ерекшеліктері бойынша кассалық шығыстардың жалпы сомасы, оның ішінде бюджетке аударылған сома көрсетіледі;

021 "оның ішінде бюджеттің кірісіне аударылды" деген жол бойынша 020-жолдың тиісті ерекшелігі бойынша көрсетілген тиісті бюджеттің кірісіне енгізілген сома анықтамалық ретінде енгізіледі;

030 "Ағымдағы қаржы жылы есепті кезеңінің соңындағы ақша қалдығы" деген жол бойынша ағымдағы қаржы жылы есепті кезеңінің соңындағы ақша қалдығы көрсетіледі

7. 8, 9 және 10-бағандарда жылдық жоспар, есепті кезеңге арналған жоспар, орындауы көрсетіледі.

8. 11 және 12-бағандарда жылдық жоспарға орындалу пайызben және есепті кезең жоспарына орындалу пайызben көрсетіледі.

Бюджеттік есептілікті жасау
және ұсыну қағидаларына
3-қосымша
Әкімшілік деректер жинауга
арналған нысан

Ұсынылады: бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік қазынашылыққа

Әкімшілік нысанның атауы: _____ жылға арналған филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтөн және (немесе) меценаттық қызметтөн және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтөн ақша түсімі және олардың жұмысалуы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 2-ДҚ

Кезеңділік: жарты жыл сайын, жыл сайын

Есепті кезең: 20 _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: мемлекеттік мекеме, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті үәкілетті орган, мемлекеттік қазынашылық

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: мемлекеттік мекемелер үшін ағымдағы қаржы жылының 5 шілдеден кешіктірмей және есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 қантарынан кешіктірмей; бюджеттік бағдарламалар әкімшілері үшін, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттары үшін ағымдағы қаржы жылының 15 шілдеден кешіктірмей және есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 қантарынан кешіктірмей; ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін атқару жөніндегі жергілікті үәкілетті органдар үшін ағымдағы қаржы жылының 25 шілдеден кешіктірмей және есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 7 ақпанынан кешіктірмей; облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетін атқару жөніндегі жергілікті үәкілетті органдар үшін ағымдағы қаржы жылының 15 тамызынан кешіктірмей және есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей; мемлекеттік қазынашылық үшін ағымдағы қаржы жылының 20 тамызынан кешіктірмей және есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 ақпанынан кешіктірмей

Бизнес сәйкестендіру нөмер:

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау түрі: электронды түрде

Бюджеттің түрі _____

Өлшем бірлігі: мың теңге

Бюджеттік	Түсім оның ішінде жылдың	Жұмысалуы		Ағымдағы каржы жылының есепті кезеңінің аяғына ақша
		ерекшелік	атауы	

бағдарлам алар әкімшісі	Атауы	барлығы	басына ақша қалдығы	коды			барлығы	кірісіне аударылға ны	қалдығы (3- баған -7 - баған)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	
	Барлығы								

Атауы: _____ Мекенжайы: _____

Телефон: _____

Электронной пошта мекенжайы: _____

Мемлекеттік қазынашылықтың /бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның/ аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшысы:

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Есепті қалыптастыруға жауапты, құрылымдық бөлімше басшысы:

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Мемлекеттік мекеменің/бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы:

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Мемлекеттік мекеменің / бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бас бухгалтері:

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда): _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауга арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме " _____ жылға арналған филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен ақша түсімі және олардың жұмсалуы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауга арналған
"Филантропиялық қызметтен
және (немесе) демеушілік
қызметтен және (немесе)
меценаттық қызметтен
және (немесе) кіші отанға

колдау көрсету жөніндегі
қызметтөн ақша түсімі және
олардың жұмсалуы туралы
есеп" нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Филантропиялық қызметтөн және (немесе) демеушілік қызметтөн және (немесе) меценаттық қызметтөн және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтөн ақша түсімі және олардың жұмсалуы туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (2-ДК, жарты жыл сайын, жыл сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Филантропиялық қызметтөн және (немесе) демеушілік қызметтөн және (немесе) меценаттық қызметтөн және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтөн ақша түсімі және олардың жұмсалуы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірынғай талаптарды айқындейді.

2. Нысанға мемлекеттік мекеменің, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдың, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшысы немесе мемлекеттік қазынашылықтың басшысы тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

3. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

4. 1 және 2-бағандарда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды мен атауы көрсетіледі.

5. 3-бағанда жыл басына қалдық сомасын есепке ала отырып, жыл басынан бастап өсу қорытындысымен ағымдағы қаржы жылдының есепті кезеңіндегі ақша түсімінің сомасы көрсетіледі.

6. 4-бағанда қаржы жылдының басындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

7. 5 және 6-бағандарда бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің коды мен атауы көрсетіледі.

8. 7-бағанда жыл басынан бастап өсу қорытындысымен ағымдағы қаржы жылдының есепті кезеңіндегі ақшаның жүргізілген жұмсалуының сомасы көрсетіледі.

9. 8-бағанда бюджет кірісіне аударылған сома көрсетіледі.

10. 9-бағанда есепті кезеңде түскен және мақсатына сай жұмсалған ақша сомасының айырмасы ретінде анықталатын есепті кезең аяғындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

Бюджеттік есептілікті жасау
және ұсыну қағидаларына

4-қосымша
Әкімшілік деректер жинауга
арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне

Әкімшілік нысандың атауы: Өкілдік шығындарға бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған нысандың индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 3-ӨШ

Кезеңділік: жарты жыл сайын, жыл сайын

Есепті кезең: на _____ 20 года

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері

